

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОТБАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІГІ

ГЕНДЕРНОЕ НЕРАВЕНСТВО ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ GENDER INEQUALITY OF WOMEN IN KAZAKHSTAN

В статье рассматривается гендерное неравенство, демографическое описание женщин находящихся в кризисном центре.

Ключевые слова: семья, гендерное неравенство, насилие, кризисные центры, демографическое описание.

The article examines gender inequality, the demographic description of women in a crisis center.

Keywords: family, gender inequality, violence, crisis centers, demographic description.

ЕНУ им. Гумилева, Астана, Казахстан.

Адамзат қоғамында ерлер мен әйелдер арасындағы гендерлік теңсіздік мәселесі Ксенофонд, Платон заманынан басталып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың салаларындағы Р. Столлер, Л. Джуди, С. Бенг, Экклз, Коннел, Фарел, Вандер, Купвер, Ман, Мастерс, Джонсон, О. Де. Гуж, Т. фон Гипель және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тауып, күні бүгінге дейін өзекті мәселелердің біріне айналуда. Өйткені, әйел теңсіздігі ер азаматтармен қатар білім алуға, сайлауға қатысу мен сайлануға, еңбек ету құқықтарына ие болудан басталады. Бүгінгі күні өркениетке бет бұрған мемлекеттерде бұл құқықтарға қол жеткізілді. Дегенмен отбасылық құндылық, отбасындағы жетекші рөлге келгенде, әйелдерге ер азамат тарапынан зорлық-зомбылық көрсету артып келеді.

Мәселен, «гендер» ұғымын ғылымға 1958 жылы психоаналитик Роберт Столер (АҚШ, Лос-Анджелес, Калифорния университеті) енгізді. Ал, 1963 жылы Стокгольмдегі психоаналитиктер конгресінде гендерлік бірегейлік (гендерная идентичность) тұжырымдасында жынысты биологиялық және мәдени тұрғыда, яғни гендер әйелдер мен ерлердің биологиялық тұрғыда дүниеге келіп, мәдени тұрғыда әлеуметтік дамуы деп қарастырды [1].

Гендер – бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. «Gender» сөзі ағылшын тілінен аударғанда жыныс (еркек, әйел) дегенді білдіреді. [2]. «Гендер» термині әлеуметтік процестерді түсінуге арналған талдау құралы болып табылады. Гендерлік теңдік – ер мен әйелдің тең құқықтары мен мүмкіндіктері. Ал отбасындағы гендерлік теңдік – ерлі зайыптылардың бір-біріне және балаларына деген қатынасы, құрметі, олардың алдындағы міндеттері мен құқықтары.

Олай болса, Қазақстанда гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі міндеті отбасында, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады. Осыған орай, отбасы, әйелдер мен балалардың мәселелерін шешу үшін 1995 жылы Елбасы тарапынан ҚР-сы Президентінің жанындағы отбасы, әйелдер және демографиялық саясат бойынша Кеңес құрылды. 1997 жылы 5 наурыздан бастап «Қазақстан Республикасындағы әйелдердің жағдайын жақсартудың мемлекеттік саясат тұжырымдамасы» бекітілді. Осы уақыттан бастап гендерлік саясаттың қазақстандық үлгісін қабылдау және жүзеге асыру басталды. 1998 жылы Қазақстан БҰҰ-ның «Әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық формаларын жою туралы» Конвенция іске қосылды.

Сондай-ақ, 2003 жылдың 27 қарашасында гендерлік саясаттың негізгі бағыттарын анықтаған ҚР-ның гендерлік саясатының Тұжырымдамасы бекітілді:

- саяси салада ер мен әйелдің қатысуының тең қолжетімділігі;
- әйелдерге зорлық-зомбылық көрсетумен күресу;
- кәсіпкерлікті дамытуға тең қолжетімділік;
- әйелдердің экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету;
- қызметте теңдей және әділ көтерілу;
- отбасыда құқық және міндеттерді жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау [3].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы» Заңы ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мемлекет пен қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдікке жағдай жасауға қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейді [4].

Ал, Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік Стратегиясы мен Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы мен гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі төмендегі халықаралық келісім-шарттар аясында – отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты кешенді мемлекеттік саясаты жүзеге асырылады. Сондай-ақ, Стратегияда отбасындағы гендерлік теңдікке қол жеткізу бойынша:

1. Әке – асыраушы және табыскер, ана – қазан-аяқ иесі және отбасын сақтаушы болатын патриархаттық отбасынан гендерлік теңдік қағидаттарына негізделген отбасының эгалитарлық үлгілеріне бірте-бірте көшу жүргізілетін болады.

2. Ерлер мен әйелдер еңбекке қатысатын жұмысты бала тәрбиесімен ұштастыру мүмкіндігіне ие болады. Отбасылардың өмір сүру сапасы артады, отбасының экономикалық, ұрпақты болу және мәдени-психологиялық функцияларын іске асыру үшін жағдайлар жасалатын болады.

3. Қазақстан азаматтарының бала асырап алу рәсімдері оңайланып, халықаралық бала асырап алу проблемалық мәселелері шешілетін болады.

4. Отбасы мен неке институтын дамытудың келешегі мен бағыттарын айқындаумен, ұлттық дәстүрлер мен халықтың менталитеті ескеріле отырып, Қазақстандағы отбасының жағдайы туралы зерттеулер жүргізілетін болады. Қазақстандағы отбасының мәртебесін жоғарылатудың кешенді бағдарламасы әзірленетін болады.

5. Эгалитарлық отбасыларының саны артады [2].

Сонымен қатар, елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біз әйел затына – анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз. Біз ананы қорғап-қолдауымыз керек. Мені отбасында әйелдер мен балаларға тұрмыстық зорлық-зомбылық көрсету жайттарының көбеюі алаңдатады. Әйелді құрметтемеу деген болмау керек. Бірден айтайын, ондай зорлық-зомбылықтың жолы қатаң түрде кесілуі тиіс» деп атап көрсеткені белгілі [5].

Дегенмен, гендерлік теңдік құқығын құқықтық бекіту үздіксіз жетілдіруді талап етеді. Отбасындағы зорлық-зомбылық күрделі әрі көпаспектілі мәселе. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселелері өткен жылдардағы және қазіргі заманның психологиялық-педагогикалық, қылмыстық-құқықтық, криминалогиялық, әлеуметтік-әдебиеттерінде көрініс тапты. Ю.М. Антонян, С.Н. Абельцев, В.В. Вандышев, Н.И. Ветров, Л.Д. Гаушман, К.Е. Егоров, В.С. Минск, Д.В. Ривман, Л.В. Франк және басқалар осы мәселені зерттеуге үлкен үлес қосты.

Сонымен қатар, арнайы қоғамдық өмірдегі зорлық-зомбылықсыздық, адам құқықтары мен бостандықтары, гендерлік факторлардың рөлі, отбасылық тәрбиелеу проблемалары және қазіргі заманғы постиндустриалды әлемдегі осы проблемалардың динамикасы сияқты талқыланған мәселелердің әлеуметтік-мәдени және жеке-адамдық аспектілеріне қатысты зерттеулерді: Е.С. Балабанова, С.Е. Барсукова, М. Верева, А.А. Гусейнова, Н.М. Давыдова, А.В. Старшинова, О.М. Здравмислова, А.В. Меренкова, В.В. Радаева, П.А. Сорокина, Е.Н. Тимошенко, Л. Хелла және т.б. ғалымдар жүргізді.

Отбасындағы зорлық-зомбылықты әлеуметтану және криминалогиялық зерттеу мәселесінің әр түрлі аспектілеріне арналған отандық ғалымдардың: Ш. Сыздықова, С.Х. Жадабаев, Р.Т. Нұртаев, Е.А. Оңғарбаев, Э.М. Микикбаев, Р.Ж. Жансараева және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Алайда, «Қазақстанның дағдарыс орталықтары одағының» статистикалық мәліметі бойынша, біздің елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жыл сайын 400-ге жуық әйел ажал құшады екен. Дегенмен Бас прокуратураның 2016 жыл бойынша мәліметіне қарасақ, 36 әйел мерт болған. Тағы бір құқыққорғаушылардың деректеріне қарағанда, 2015 жылы қыз-келіншектерге қатысты 91 631 құқықбұзушылық тіркелген. Оның 71 965 ауырлығы орташа қылмыс болса, 4131-і ауыр қылмыстар санатында. Ал, 420-сы аса ауыр қылмыс. Сонымен қатар, тілшілер БҰҰ мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қыз-келіншектерге қатысты зорлық-зомбылық деңгейін зерделеу мақсатында арнайы жүргізілген сараптамасы 70 мемлекетті қамтығанын айтады.

Ал оның нәтижесі жантүршігерлік – әйелдердің 35 пайызы физикалық және сексуалдық зорлық көргені анықталды. Мәселен, жапон әйелдерінің 15 пайызы зәбір көрсе, Эфиопиядағы жағдай қорқынышты, көрсеткіші 70 пайызға жеткен. Гендерлік зорлық, әсіресе, салт-дәстүрді берік ұстанатын дамушы елдерде жоғары. Үндістан, Пәкістан мен Непалда қалыңдықтың жасауына қатысты әйелдерді өлтіру дерегі өршіп тұр, Орта Азия мен Кавказда қызды ұрлау басым. Тұрмыстағы озбырлық дамыған мемлекеттерде де тіркелген. Германия – 27,8 %, Солтүстік Америка – 29 %. Осындай мәліметтерге қарап-ақ, зорлық-зомбылықтың әлем бойынша өткір проблема болып тұрғанын бағамдау қиын емес [6].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы бойынша әйелдерге заңды-психологиялық тұрғыда көмек беретін 20 дағдарыс орталығы бар. Біз өзіміздің докторлық диссертациялық зерттеу жұмысымыздың тақырыбына байланысты Астана қаласындағы зорлық-зомбылық қауіп салдарынан қиын жағдайға тап болған адамдарға арналған дағдарыс орталығының бірінде зерттеу жүргіздік. Бұл дағдарыс орталығында стационар жағдайында әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға, оның ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа әкеп соқтырған қатыгездікке ұшыраған әйелдерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілетіндігі айқындалды. Сондай-ақ, отбасында зорлық-зомбылық көрген әйелдердің демографиялық сипаттамасы төмендегідей болды:

- басым көпшілігі орта білімді;
- 20–40 жас аралығындағы әйелдер;
- балаларының саны 1–4;
- басым көпшілігі азаматтық некеде;
- әлеуметтік жағдайы төмен;
- балалық шағында психологиялық күйзеліске ұшыраған;
- отбасында ерінің ішімдікті асыра пайдалануы;
- сотталғандар;
- нашакорлар.

Яғни, зорлық-зомбылық көрген әйелдердің өткен өміріндегі қолайсыз жағдайлар білім деңгейінің төмен, отбасындағы тәрбиенің дұрыс болмауы, ішімдікке салыну, нашакорлық, некенің заңсыз болуы да себепші болып тұр.

Сондай-ақ, дағдарыс орталығында әйелдерге жеке кеңес, сонымен қатар алғашқы мәліметтер алу мақсатымен әңгімелесу әдісі жүргізілу барысында зорлық-зомбылық көрген әйелдердің бойына тән негізгі тұлғалық қасиеттер анықталды. Оларға: өзіндік «Мені» жоқ, өзін-өзі бағалауының төмендігі, ойларының жүйесіздігі, жүйке жүйесінің сыр беруі (нервзность), агрессивтілік, өзіндік мақсатының айқын болмауы және болашақтан үміт күтпейтіндігі.

Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі ғаламдық сипатта және батыстың дамыған елдерінде ерекше әлеуметтік мәселе болып табылады, онда азаматтардың қоғамдық құқықтық нормалары әлеуметтік орталықтардың бақылауында. Қазақстанда жағдай өзгеше: адамдар көп жағдайда отбасындағы қақтығыстарды дәстүрлі түрде, атап айтқанда, гендерлік стереотиптерімен шешеді.

Сонымен қатар, қазіргі кездегі халықтың әсіресе экономикалық деңгейі төмен сатыдағы отбасы мүшелеріне өздеріне деген сенімсіздік, қорқыныш сезімін тудырады, қарым-қатынаста жан-жал туындатып, нәтижесінде маскүнемдік пен есірткіге салынып, әйел адамдар ер азамат тарапынан отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшырап жатады.

Қорыта келгенде бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен нәзік жандарды қадірлеуді, отбасындағы зорлық – зомбылықтың алдын-алу үшін қыз баланы сыйлау, құрметтеу мақсатында гендерлік тәрбие бағдарламаларын мектептерге ендіру қажет. Ал дағдарыс орталықтарындағы әйелдердің өзіндік «Мен»-ін жоғарлату, оларға әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсету және БАҚ арқылы орталықтардың бар екендігін насихаттау бүгінгі қоғамның кезек күттірмейтін мәселелері.

Литература

1. Stoller R.J. Sex and gender. New York, 1968
2. ҚР «2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» N1677 жарлық, 29 қараша 2005ж. Астана қ. URL: <http://adilet.zan.kz>.
3. «О Концепции гендерной политики в Республике Казахстан». Постановление Правительства Республики Казахстан от 27 ноября 2003 года, N1190.
4. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы». ҚР 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N223-IV Заңы. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0_90_000223_/z090223.htm.
5. «Қазақстан-2050» стратегиясы. Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.
6. URL: <http://stan.kz/kelinshek-en-zhakyn-adamynnan-korgen-zo/>.